

Тақырыбы: «Музыкалық сағат»



Өткізген: Тағжанова Г.У.

Жаңаөзен қаласы 2025ж.

Тақырыбы: Музыкалық сағат

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің мақсаты: Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауды пысықтау.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Балалар залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы әуенімен қатар түзеп, адымдап кіреді.

– Балалар, денені түзу, басты жоғары көтеріп, тік ұстаймыз. Тізені жоғары көтеріп адымдаймыз. Жүріп келе жатқанда арақашықтықты сақтаймыз. Міне, жарайсыңдар! Балалар адымдай жүріп, залдың ортасына келіп тұрады.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, мен сендерді музыка залында көргеніме қуаныштымын. Балалар мен жұмбақ жасырамын, сендер тауып көріңдер.

Ұзын мойын екі ішек,

Қатар-қатар тепкішек.

Басып қалсаң бір-бірлеп,

Күй шығады күмбірлеп. (Домбыра)

Саусак байпас түтіктен.

Сандугаш құс сайрайды. (Сыбызғы)

Сексен бес тілі бар,

Әр тілдің өзіне тән үні бар. (Күйсандық)

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:

– Балалар, тақтаға қарайықшы?!

– Тақтадан не көріп тұрсыңдар, балалар? Түлкі мен қазды. Жаксы.

– Түлкі мен қаз не істеп тұр? Құшақтасып тұр.

– Балалар, біз бүгін түлкі мен қаздар туралы әуенге ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз. Музыка басталмай тұрып, орнымызда түлкі мен қаздың қимылдарын жасап, жаттығып алайық.

– Кәне, бәріміз жұптасамыз, бір түлкі және бір қаздан.

– Балалар, тақтаға қарап, түлкі мен қаз сияқты қалыпты ұстаймыз. Жарайсыңдар!

Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйренеміз. К. Қуатбаевтің

«Түлкі мен қаздар» шығармасы бойынша балалар музыкалық-ырғақтық

қимылдарды жасауға жаттығады. Педагог музыка сипатына қарапайым вальс

қимылдарын жасауды балаларға үйретіп, қимыл мен музыканың үйлесімділігін

сақтауларын бақылайды. Балалар екі жұптан орындарында тұрып, айналады,

орындарында тұрып, екі жанына кезек тербелу қимылдарны жасайды. Шеңбер

бойымен екеуден қол ұстасып жүріп, сол қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен

қарапайым "галоп" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңіл айналады.

Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, бір

орында айналады. Соңында тағы да шеңбер бойымен жүріп, сол қолдарын жоғары

көтереді, аяқтарымен қарапайым "галош" қимылдарын жасап, орындарында тұрып, жеңіл айналып, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі көздерін жұмыду ұсынады.

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз, көзімізді жұмып, әнді тыңдаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға «Ақсақ құлан» қазақ халық әуеніне жазылған бейнебаянды көрсетеді және балалар күйді қабылдағанша тыңдатады.

– Балалар, мына әуенді тыңдап отырып көз алдарына не елестеттіңдер?

– Иә, жарайсыңдар, құланды. Бұл әнді бірнеше рет тыңдаған болатынбыз, көз алдарына құланды елестеткен боларсыңдар.

– Балалар, құлан қандай аң? Қандай аңға ұқсайды?

– Иә, жылқыға.

– Балалар, күйді ойнағанда құланды қалай сипаттаған?

– Иә, дұрыс айтасыңдар, ақсақ.

– Ақсақ құлан ертегісі бар екенің алдыңғы оқу қызметінде айттым, иә? Сендер көрдіңдер ме?

Балалардың жауаптары.

– Енді, балалар, «Ақсақ құлан» күйін тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға күйді тыңдата отырып, күйдің сипаты мен мағынасын түсіндіреді.

– Балалар, біз бүгін қандай күй тыңдадық? «Ақсақ құлан» күйін.

– Күйді шығарған кім? Халық.

– Күй қандай аспапта орындалады? Домбырада.

– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі дауыс жаттықтырудың алдында балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып, дауыс жаттығуларын жасатады.

– Балалар, дауыс жаттығуларын менімен бірге қайталаймыз. Алдымен аралар болайық:

Аралар

– Арамыз, біз арамыз,

– Қызыл, жасыл гүлдерден,

– Әнге салып барамыз.

– Балды сорып аламыз.

– Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

– Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар.

– Балалар, біздер алдымен әнді айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз.

– Кәне, бәріміз мұрынмен дем алып, сол демді үнемді түрде қолымыздағы гүлді үрлеу арқылы сыртқа шығара отырып үрлейміз. Жарайсыңдар.

– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля

– Жарасып тұр сәніміз,

– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля

– Ән шырқайық бәріміз.

– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми

– Естіген жұрт таң қалсын,

– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми

– Әдемі ән шырқалсын. Тамаша.

2.3. Ән салу. III. Қалдаяқов "Бақа" әні.

Музыка жетекшісі ән айтудың алдында алдымен балалардың өлеңге

қызығушылығын арттыру мақсатында бақаның суретін көрсетеді.

– III. Қалдаяқовтың әні «Бақа», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындаламыз. Алдымен әнді мұқият тыңдап алайық.

Әнді хор мінбесіне барып ұнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлік қызмет көрсетеді. Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыка жетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. "Ритм бойынша анықта" музыкалық-дидактикалық ойыны.

Ойын материалы: балаларға таныс әннің ырғақты суреті бейнеленген карталар, жарты беті бос. Бұл әндерді, музыкалық аспаптарды суреттейтін суреттер: қасықтар, үшбұрыш, балғалар, барабан.

Ойын барысы: жетекші бала бір аспапта әннің ырғақты сызбасын орындайды. Ырғағы бойынша балалар әнді анықтайды және картаның бос жартысын суретпен жабады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің соңында:

– Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет қалай өтті?

Балалардың жауаптары.

– Қандай күй тыңдадық?

"Аксак құлан" күйі.

– Сендер қандай ән үйрендіңдер? «Бақа» әнін.

– Кәне, балалар, әнді тағы бір қайталап жіберейікші! Жарайсыңдар!

– Балалар, бүгін оқу қызметінде бәрің жақсы қатыстыңдар! Бәрі тамаша болды, балалар!

– Ұйымдастырылған іс-әрекетінің осымен аяқталды, сау болыңдар!

